

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ

КІТАПТЫ ТЕК ОҚУ ҮШІН ЕМЕС, ОЙ ТАСТАУ ҮШІН ЖАЗУ КЕРЕК



Шығармаларын оқып отырып мен автордың мына сөзіне қатты назар аудардым. «Мен Бақытқожа Рүстемов өзімнің Алла берген қамшының сабындай ғана қысқа, жалған ғұмырымда адалдық пен абыройды жанымға ту етіп ұстап келемін. Өзгенің мүлкіне, халықтың игілігіне, мемлекеттік дүниеге қол сұққан емеспін. Сондықтан да, мемлекеттік қызметтен шет қалдым деп қапаланбай, өмірімді халқымның жарқын болашағына, бейбіт тату ғұмырына, өзгелермен достығына арнадым. Бала-шағам аш болып қалды, өзім киімсіз қалдым деп жаным ауырған емес. Халқымның аштығына, халқымның жоқтығына, бұлыңғырланған болашағына жүрегім ауырады». Бұл жүрегі шынайы ұлтым деп соққан азаматтың ойы, ішкі толғанысы.

Бүгінгі біздің сұхбатымыздың кейінкері халықаралық Қазақстан-Куба қауымдастығының Вице-президенті, Еуропа конгресі және Дүниежүзілік әдебиетшілері конгресінің, Түркі халықтар ассамблеясының мүшесі, халықаралық публицист, журналист, жазушы, академик Бақытқожа Рүстемов. Байқаған жанға кейінкеріміздің атақ-лауазымы көп. Бірақ, Қазақстан Республикасының құрметтісі деген бір сөз жоқ. Осы орайда ойыма халқымыздың «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» деген сөзінің түсіп тұрғаны. Өз елі елен-ескермесе де, Бақытқожа Төлегенұлы елім, жерім, халқым дегуден жалыққан емес.

– Аға, сіздің негізгі еңбек тақырыбыңыз Халықаралық достық екенін білеміз. Мұндай күрделі салада қалам тербеуге жүрек-сінбей, қалай қолға алып жүрсіз?

– Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының мәдениет пен әдебиеттің бүгінгі күйі жайында оқыған баяндамасы маған терең ой салды. Елбасымыз: «Әлемді жақсы жағына қарай өзгерткің келеді ме – өзіңнен баста. Әлем секілді бұл ескі ақиқат біздің контекстімізде өткен күннің болғанына көңілің толмай, біздің ортақ үйіміздегі азаматтық әлемді және этникааралық келісімді күннен-күнге нығайтуға итермелейді. Өйткені, біз басқалардың мысалынан көреміз: кімде-кім өзінің үйінде сыйымсыз және бақытсыз болса, оның бүкіл әлемде де бақытты болғаны шамалы. Егер бұл мәселені шешу аясында саясаткерлердің өз әдісі болса, әдебиетшілердің де үлесі бар екені даусыз. Өз ойымды білдірейін: маған белгілі қазіргі заман әдебиетінен оқырман ретінде, өкінішке қарай, біздің тәуелсіздігімізді паш ететін толыққанды, көлемді шығарма көре алмадық. Әрине, әдеби туынды, көбінесе, ірі эпикалық көлемдегі туынды жасап шығаруға уақыт қажет. Егемендігімізді алғаннан бергі өткен жылдар, келісіңіздер, өткенді шолып, болашақты бейнелеуге үлгеру үшін жеткілікті мерзім екендігі шындық. Сыртқы экономикалық бірлік, ішкі көп ұлтты Қазақстанның бірлігінсіз, тұрақтылығынсыз мүмкін емес. Осы тұстан қазақ әдебиеті мен өнеріне үлкен жауапкершілік жүктелінеді. Аталғандарды ескере отырып, ұзақ жылдар бойы жазып жатқан романдарын уақытша қоя тұрып, Отанға пайда әкелу үшін толықтай жедел жанрға, публицистикаға көшу керек», – деген болатын. Сөз құдіретін жазушыдан артық ешкім түсінбейді. Сондықтан да, Елбасымыздың осы бір келелі ойынан қуат алып, мемлекеттік қызметтен босадым екен деп қарап отырмай, еліме пайда әкелуді алдыма мақсат етіп қойдым. Өзге елдермен татутәтті ғұмыр кешкенде ғана қазақ жері көркейе беретіндігін өзім ғана ұғынбай, кез келген қазақ оқырманына ұғындырғым келді. Аллаға шүкір, қойған мақсат орындалды. Әрине, тынымсыз еңбектің арқасында.

– Сізді Отандық, халықаралық публицистика жанрының «пионері» деп атайды. Біздің Қазақстанда халықаралық журналистикада, публицистикада қалам тартып жүрген дер саусақпен санарлық. Солардың бірі өзіңісіз.

– Бұл енді жаңа тақырып, жаңа жанр болғаннан кейін, әрине, солай. Мүмкін, бұдан былай көбейетін шығар. Себебі, өзінің талабы бойынша халықаралық публицистика әрбір азаматтан, журналист болсын, мейлі жазушы болсын, басқа мамандықтың иесі болсын, үлкен білімділікті талап етеді. Міндетті түрде өз елінің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, әлеуметтік жағдайларын білу былай тұрсын, халықаралық публицист болған соң халықаралық деңгейдегі

тарихын, әдебиетін, мәдениетін, әлеуметтік жағдайын тағысын тағы көп нәрсе білуі керек. Сондықтан айтады ғой, кірістің бе, аяғына дейін алып бар деп. Осы жаңа жанрдың көшбасшысы немесе пионері деп атаған екен. Сол себепті, шегінуге жол жоқ, тек алға деген ұстаныммен келемін.

– Қазір қарап отырсам, жиырмаға жақын алуан түрлі тақырыптағы кітаптардың авторысыз. Қытай жөнінде «Ұлы Қытай кеңістігінде» деген кітабыңыз бар. Латын Америкасы елінің Кубаның ұлы революционері Федель Кастро жөнінде жазған кітабыңыз бір төбе. Аға жалпы сіз тұлға, тарих, заман, уақыт, халықты қалай тандап аласыз?

– Бұл сұрағыңыз бір жағынан қиын, бір жағынан оңай да сияқты. Адам егер өз маманының шебері болса, онда интуиция деген болады. Ішкі сезімі, түйсігі болады. Кім мәдениет саласында көп жүрсе, ол мәдениеттің қыр-сырын жетік меңгереді. Экономика саласында жүргендіктен экономист те сол сияқты. Менің айтайын деп отырғаным, аудармалар туралы кітаптарымды басқа мамандар, сол елдің азаматтары жылы қабылдайды. Өзіңіз айтқан Қытай туралы жазған кітабыма Қытай халқы жақсы бағасын берді. Латын Америкасы туралы жазған кітабымның да жақсы пікірге ие болғанын өз еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы біліп жаттым. Соның ішінде, «Казахстанская правда» газетінің тілшілері өте жақсы деген баға беріп жазды. Шамамның келгенінше еліміз үшін керек болады деген әңгімелерді жазып жатырмын. Былтыр бүкіл Қазақстанды аралаған кезде, шалғай аудандарына дейін бардым. Халықпен, оқырмандармен кездескенде олардың өтініштерін, назын тыңдадым. «Әлі күнге дейін біздің еліміздің кітапханаларында кітаптың саны, басымы 20%,30 %-дан аспайды, мейлінше орыс тіліндегі кітаптар. Болған күнде де бұрынғы кеңестік уақыттағы ақын-жазушыларымыздың кітаптары. Соңғы 20-22 жылдың ішіндегі біздің ақын-жазушыларымыздың кітаптары қайда, неге оларды кітапханалардан таппаймыз?» – деген көптеген уәжді сұрақтар қойды.

– Бақыт аға сіз туралы естеліктерді, пікірлерді оқып отырып, жүрген жеріңізде тылсым дүниелерге көп ұшырасатыныңызды байқадым. Тіпті, дүниеге келуіңіздің өзі бір тылысым. Олардың сыры неде?

– Тылсым... Кейде өзім де таңданып отырамын. Ойланып қарасам, неге екені тек Аллаға ғана аян екен. Ал, Аллаға аян дүниенің шешімін пенденің табуы ақылға қонымсыз дүние. Дұрыс айтасыз, менің өмірге келуім, оқуға түсуім, қызметте жүруім, керек десеңіз Меккеге барып қажылық өтеуім, Араб әмірінің қабылдауында болуым, Катар мемлекетінің басшысының қабылдауында болуымның баршасы тылсым дүние. Ғажайыбы мол ғалам десем де болады.



Осындай ғаламда өмір сүріп жатқан мен, Бақыт Рүстемов бақыттымын. Өмірімде болып жатқан барлық ғажайыптар әлемнің тылсым дүниелері хақында «Адамға бағынбайтын әлем» атты кітап жазуыма негіз болды.

– Сіздің тағы бір жаңалығыңыз туралы айтқым келіп отыр. Біздің әдебиетте болмаған қиял-ғажайып оқиғаларды, өмірде адамның болмаған мүмкіндіктерін суреттейтін, қазіргі таңда, қазіргі әдебиетте, жаңа заманғы әдебиетте ондай тақырыпта жазатын адам, тіпті, кемде кем. «Адамға бағынбайтын әлем» атты кітабыңыз да тың дүние секілді, осы жайында да ой бөлісе отырсаңыз. Қазақ қаламгерлерінің арасынан белгісіз ұшатын объектілер жайында жазған бірде-бір ақынды немесе жазушыны мен көрмеймін...

– Бұны мен қазақ тіліне «Беймәлім ұшатын объектілер» деп аудардым. Бұл кітап бұдан 5 жыл бұрын шығу керек еді. Мен орыс тілді жазушымын. Міне, қазір сіздің алдыңызда сөйлегенде сәл қиындық туып отыр, ал, егер орыс тілінде жеткізетін болсам, басқаша болар еді. Орыс тілінде бұл кітап шығу керек еді. Дегенмен, мен ойландым, орыс тілінде онсыз да ақпарат көп, бұл сол көп кітаптың бірі болып қала береді. Ал, егер қазақ тілінде шығарсам, бұны Бақыт Рүстемов жазды демейді, «қазақтар» жазыпты дейді. Бұл – күрделі тақырыптардың бірі. Мұндай тақырыпта үлкен мемлекеттердің алдыңғы қатарда жүрген жазушылары жазады. Оны мен 5 айдың ішінде аударып бітіремін деп ойлады. Біреу сенеді, біреу сенбейді, бұл 5 ай емес, 5 жылға созылып кетті. Қандай да бір ұлы күдіреттің, ұлы күштің бар екендігі туралы менде бір түйсік пайда болды. Неге? Мен 4 жыл қиналдым. Жазамын, ол не өшіп кетеді, не тағы бір жағдайлар кедергі болады. Әйтеуір сәті түспей, таңғажайып оқиғалар болып тұрды. Сосын мен Аллаға жалынып, рұқсат сұрайын, бәлкім адамға бағынбайтын әлем болғандықтан солай болар деген оймен мешітке барып, мұсылмандық әрекеттерімді жасап көріп едім, 4 жылда жаза алмаған кітабымды 1 жылда жазып шықты. Біз адамға бағынбайтын дүние, әлем жоқ деп ойлаймыз. Жоқ, олай емес екен. Алла тағалам жаратқан он сегіз мың ғалам бар, адамға бағынбайтын тылсым әлем бар. Ал, адамның күші оған әлі жеткен жоқ.

– Бұл кітапты қазақстандық оқырмандар қалай қабылдады?

– Әрине, оны бейтаныс әлем болғандықтан

үлкен ықыласпен қабылдауда. Әсіресе, мына шетелдіктер қатты таңқалысты. Неге? Өйткені Америка болсын, Батыс еуропа болсын мына бізді, азиаттарды өздерінің деңгейінен сәл төмен санайтын сияқты ма, сондай бір пікір бар. Ал, қазір бұл еңбекті азиаттар, соның ішінде қазақтар жазыпты, бұл қазақтар бүкіл әлемге әлеуметтік жағдайымен, экономикасымен танылып қана қоймай, мәдениет саласында да, оның ішінде космосты, он сегіз мың ғаламды зерттеу жағында да өздерінің білімділігін, талапкерлігін көрсетіп жүр деп үлкен бір таңданыста болып жатыр.

– Бірнеше тілде жарық көрген еңбектеріңіз Өзбекстан, Ресей, Қытай, Азербайжан, Украина, Америка құрама штаты, Франция, Испания, Сауд Аравиясы корольдігінің,



Ливан Елшісі Вазкен Кавляканның қабылдауында

Чили республикасы және басқа да шет мемлекеттердің мәдени, білім беру ошақтардың және дипломатиялық орталықтарында өзінің лайықты орнын алған екен. Ал, осы еңбектеріңіз қазақы оқырмандардың жүрегінен қаншалықты орын алды деп ойлайсыз?

– Әрбір істің жақсы жақтарымен қатар, кемшіліктерінің де болатыны заңдылық қой. Жұмыс істемеген адам ғана қателеспейді дейді. Менің жазушылығым келетін болсақ, Аллаға шүкір, жазған кітаптарым аз данамен болса да басылып шығып, кітапханаларға немесе кітап сататын дүкендерге таратылып жатыр. Жабырқау көңілімнің жұбанышы мыңдап шықпаса да, біздің Қазақ Ұлттық академиясының кітапханасының электрондық нұсқаларының бәрінде дерлік кітаптарым бар. Сондықтан да, мен шетелдерде жүрген кезде интернет желісіне кіріп, кітаптарымның әрбір бетін ашып, қалаған жерін көріп, оқып, есіме түсіріп, кездескен оқырмандарымның алдында еліміз туралы әңгімелеп отыра аламын.



– Естүімізше, сізді көптеген шетелдік ақпарат құралдар өкілдері «Қазақстандық Христофор Колумб» және «Әлем достығының елшісі» деп атаса, кейбіреулері «Халықтық дипломатияның көшбасшысы» деп те айтады. Бұл пікірлер туралы өзіңіз не дер едіңіз?

– Бес, алты жыл бұрын мен төрт кітап шығардым. Оның біреуі орыс тілінде «Бороться, не побеждать» деген атпен, кейінгі үш кітап қазақ тілінде шықты. Ол «Күрес пен жеңіс» деп аталады. Бұрын соңды біздің елде бұл тақырыпта кітаптар шықпаған екен. Сондықтан, Латын Америка халықтарының біздің елде жүрген елшілері «Егер де бес жүз жыл бұрын американы Христофор Колумб ашқан болса, бүгінгі таңда Бақыт Рүстемов өз еңбектерінде Латын Америкасының өмірін, тарихын, әдебиетін, мәдениетін, экономикалық көрсеткішін, болмаса өзінің халқына сол елдің ұлы ақын жазушылары, саяси лидерлері туралы жазған ақпараттарды ашып жатыр» деген. Соның арқасында қазақтың Христофор Колумбы деп атап кеткен екен. Енді халықаралық дипломатиялық жағдайға келер болсақ, мемлекеттік дипломатия барынша өте қатты дамығандығы соншалықты, ішкі саясатымыз былай тұрсын, сыртқы саясатымыз оң жолға қойылып, бүкіл әлем қазақтың достыққа деген, адами қарым-қатынасқа деген өзінің үлкен ықыласын білдіріп жүргенін мойындап келе жатыр. Халықтық дипломатияға келер болсақ, бұл салада жүрген Қазақстанда азаматтар көп емес. Солардың бірі Бақыт Рүстемов деп атап жүр. Бұл енді әрине оңай шаруа емес. Жеке адамға шетелдерге шығып, олардың шақыртуымен барып, халықтар достығының арасында дәнекер болу – үлкен күрделі жұмыс. Дегенмен де, шамамның келгенінше біздің қазақ халқының мәдениетін, әдебиетін, тарихын, әлеуметтік және экономикалық жетістігін, бәрін сол шетелдік достармен кездесіп жүрген кезде студенттердің арасында лекция оқып, болмаса халықтар арасында оқырмандармен кездескен де баяндап, паш етіп жүрмін.

– Корея президенті Ли Мен Бактың «Өмірде ғажайып нәрсе өз-өзінен бола салмайды» деген атпен шыққан кітабы қазақ тілінде сіздің авторлық аудармаңызбен жарық көреді. Оңтүстік Корея экономикасының қарқынды дамуын – корейлік ғажайып деп айтуға болады. Алайда, Ли Мен Бак өз кітабында ешқандай ғажайыптың жоқ екендігін жазады. Сіз өз еңбегіңізде Оңтүстік Корея президентінің өмірін біздің елбасшының тағдырымен салыстырған екенсіз. Қазақстан тарихында мұндай үлкен публицистиканы бұрын-соңды қазақ тіліне аудару болмаған оқиға десек те болады. Енді осы жазбаңыз туралы өзіңіз айтып беріңізші. Мұны жазуыңызға не түрткі болды?

– Әлемнің деңгейіндегі мәдениетке, сол өнерпаздардың биігіне жету үшін үлкен бір ізденістерде жүруіміз керек. Ол деңгейге әлемде не болып жатыр, қай жерде қандай жақсылықтар, жаңалықтар, әлемде үлгі өнеге алатын нендей іс-әрекеттер,

өзгерістер болып жатыр деген тынымсыз ізденістің ғана арқасында жетуге болады. Мәселен, маған Оңтүстік Кореяның елшісі өз Президенті Ли Мен Бактың кітабын кезінде сыйлаған болатын. Кітапты оқып, танысқан кезде мені таңқалдырғаны ауылдың қарапайым баласының мемлекетті басқару дәрежесіне жеткендігі. Салыстырып қарасақ, біздің де Елбасы солай қарапайым, шаруа отбасынан шығып, көптеген жылдардан бері елді басқарып, еңбек етіп, әлемдік деңгейде танымал болып келе жатқан бірден бір – көшбасшы. Көптеген қиыншылықтан өткен Ли Мен Бактың жеке басындағы, тағдырындағы, мына орыстарда «Взлет и падение» дейді, сондай бір қиыншылықтардан аман-есен өтіп, өз елінің патриоты болып, бүкіл күш-жігерін Оңтүстік Кореяны әлемдік деңгейге жеткізуге үлес қосқандығы мені қайран қалдырды. Міне, осындай азаматтардың еңбектерін оқысын, білсін, таныссын және оларға үлгі болсын, деп қазақ жастарына, келешек ұрпақтарымызға қазақ тіліне аударған едім.

– Орыс тілінде сауат ашып, орыс тілінде оқыған жазушыға қазақ тілінде ойлап, қазақ тілінде туынды жазу қаншалықты оңай?

– Нағыз қазақ қазақтығын жүрегімен сезіне білу керек. Ата-анамның берген ақ сүті мен адал тәрбиесінің арқасында мен қазақ деген атым, ұлым бар екенін дүниеге келген сәтімнен бастап, бүгінгі таңға дейін есімнен шығарған емеспін. Сенің жан дүниең қазақ тілі, қазақ рухы деп сайраса, жазғысы келмеген қаламгердің өзі қалай жазып кеткенін білмей қалады. Кітаптардың бәрін орыс тілінде жазып жүрген кезде арасында қазақша жазғым келді. Дегенмен, мектепті қазақ тілінде, өз ана тілінде бітірмеген соң, қай жасқа келсең де өте қиын болады екен. Бірақ, қиындыққа қарамай, біздің қазақтың азаматтары, өскелең ұрпағы білімді де, іскер, төзімді, өз елінің патриоты болсын деген ниетпен еңбектеніп, жазып жүрмін.

– Бақыт Рүстемов жүрген жерінде жаңалық ашып жүреді. Бейресми сапарлармен немесе арнайы шақыртумен мемлекеттерге барғанда міндетті түрде бір жаңалық ашуды мақсат етіп барасыз ба, әлде бұл да тылсым ба?

– Адамның өмір сүруінің өзі тылсым болғанда, сәйкестікті қалай тылсым демессіз. Сіз орта оқуды бітіріп, жоғары оқу орнына қарай талпынасыз. Солай ма? Жай жүру үшін емес, ой өрісіңізді дамыту, ортаға бейімделу үшін, қысқасы бір сатыға өсу үшін барасыз. Сол секілді халықаралық деңгейдегі публицист бола тұрып, барған елдің жаманынан жиреніп, жақсысынан үйреніп қайтуға тырыспасақ, ел алдындағы адалдығымызға сызат түседі емес пе. Өмірімді халқымның адал болашағына арнағаннан кейін тың дүниелермен оралуға тырысамын. Мысалы, Катарға барғанда Өзбек ханның мешіті мен

медрессесін таптым демеймін, көрдім. Бейбарыс баһадүрдің өзі арнайы салдырған мешітін көрдім. Бұл ісі мұсылман үшін мақтаныш. Ал, бұл мақтанышты өзге ешкім білмейді. Білсе, неге оны тақырып ретінде көтермейді. Қытай мемлекетіне қарап тұрсаңыз кішкентай түйіннен пайдалы дүние шығарады. Біз керегі жоқ деп лақтырып жібереміз. Бабаларымыздың мешіт, медреселерінің ескерусіз жатқаны лақтырып жібергенімізбен бірдей. «Өлі разы болмай, тірілердің байымайтынын» естен шығарып аламыз. Біреулер үшін тың дүние болмауы мүмкін, бірақ Елбасымыз айтқан ұлттық құндылық тұрғысынан тоқталсақ, бұл біздің арымыздың, намысымыздың тапталып жатқандығымен тең. Болашақ ұрпаққа қалдырар құндылығымызды ойласақ, түймедейден түйедейді шығаруға тура келеді.

– Бақыт аға, сіз үшін өмірде әке болу мен жазушы болудың қайсысы қиын?

– (Қалың ойға шомылып) Әке – отбасының тірегі, асқар тауы. Отбасы дегеніңіз бір шағын мемлекет. Отбасының тірегі дегенің, сол мемлекеттің патшасы. Патша болып әділдікті айту, жұдырықтай жұмылдыру, ақылдылықты талап етеді. Әке болып ұрпақ тәрбиелеу, өзінді тәрбиелеуден басталады. Енді, жазушылық – тек қана ақшалай сыйақы үшін жүзеге асырылатын жалданбалы еңбек емес екені белгілі. Шығармашылық азабын тартқан адам ғана жазушылықтың қадіріне жетеді. Қадірге жете білу, оны бағалау, түптеп келгенде адамдықтан шығады. Әке атанып бір отбасын тәрбиелеу де, жазушы болып елдің мұңын адалдықпен, шынайы жаза білу де, өзі үлкен өнер, ең қиын дүние. Әдебиетшінің перзенттік борышы – шығармашылық шабытының шарықтауымен, таусылмас рухани азығымен тікелей байланысты.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Назира СӘБИТҚЫЗЫ

